



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Макросауалнама: сарапшылар 2026-2028 жылдарға арналған инфляция мен экономиканың өсіміне қатысты болжамдарын жаңартты

Астана қ.

2026 жылғы 27 ақпан

Қазақстан Ұлттық Банкі сарапшылар қауымдастығы арасында жүргізілген кезекті макроэкономикалық сауалнаманың нәтижесін [жариялады](#).

Brent маркалы мұнайдың бағасы, Қазақстан экономикасының өсімі, инфляция, базалық мөлшерлеме, тауарлар мен қызметтердің экспорты және импорты, сондай-ақ теңге бағамы – сауалнаманың негізгі параметрі болды.

Мұнай бағасы мен экономиканың өсімі

Мұнай бағасына қатысты сценарий шарттары барлық болжамды кезеңде сәл төмендеді. 2026 жылы Brent маркалы мұнайдың бағасы 1 баррель үшін орта есеппен **62** АҚШ доллары деңгейінде, 2027 және 2028 жылдары тиісінше **63,7** және **65,3** АҚШ доллары деңгейінде болады деп күтіледі.

Дегенмен, **Қазақстан экономикасының өсіміне** қатысты болжамдар жақсарды. ЖІӨ өсуіне қатысты болжам 2026 жылға – 4,8%-дан **5%**-ға, 2027 жылға – 4,4%-дан **4,5%**-ға, 2028 жылға – 4,2%-дан **4,3%**-ға дейін өсті.

Инфляция мен базалық мөлшерлеме

Респонденттер 2026 жылы инфляция деңгейі біршама төмен болады деп болжайды – бұл ретте болжам медианасы 10,8%-дан **10%**-ға дейін төмендеді. Сарапшылар 2027-2028 жылдары инфляция төмендейді деп күтеді – тиісінше 2027 жылы – **8%** және 2028 жылы – **7%**.

Сарапшылардың **базалық мөлшерлеме** бойынша осы жылға күтулері аса өзгерген жоқ – **15,9%** (алдыңғы болжам – 16%). 2027 жылдың соңына күтулер медианасы 12,5%-дан **12%**-ға дейін төмендеді, ал 2028 жылға – 10%-дан **11%**-ға дейін өсті.

Сауалнамаға қатысушылардың құрамы туралы

Сауалнамаға Қазақстанның макроэкономикалық көрсеткіштерін талдап, болжаумен айналысатын **18 ұйым** қатысты. Респонденттердің қатарына нарықтың кәсіби қатысушылары, зерттеу институттары, халықаралық ұйымдар мен рейтингтік агенттіктер кіреді.

Макроэкономикалық сауалнамаға **Ұлттық Банк болжамдары кірмейтінін** атап өтеміз. Ол қазақстандық және әлемдік нарықтағы жағдайдың дамуына қатысты нарықтағы кәсіби қатысушылардың тәуелсіз пікіріне, бағалауына және күтуіне жасалған шолудан тұрады.

Толығырақ Ұлттық Банктің [интернет-ресурсында](#)

БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz